



ЕЛБАСЫ ЖОЛДАУЫ – ТАБЫСТЫ ЕЛГЕ АЙНАЛУДЫҢ АЙҚЫН БАҒДАРДЫ

ОБЛЫС ӘКІМІ Қ.Е.КӨШЕРБАЕВТЫҢ АКТИВ ЖИЫНЫНДА СӨЙЛЕГЕН СӨЗІ

Құрметті актив жиынына қатысушылар!

Күні кеше Ел Президенті - Ұлт Кошбасшысы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев Қазақстан халқына кезекті Жолдауын арнады. Елбасының тікелей эфир арқылы халқына жолдаған бұл жолғы Жолдауының мәні мен маңызы бұрынғыдан да ерекше болды. Жолдаудың әрбір тармағында Елбасы тиісті сала министрі мен әкімдерге, жауапты тұлғаларға жүзбе-жүз арнайы тапсырмалар бере отырып, міндеттерді нақтылай түскенін өздеріңіз көріп отырдыңыздар. Бұл әр азаматтың әл-ауқаты ардайым Елбасының басты назарында екенін, сондықтан да, еліміздің нақты әлеуметтік мәселелердің маңыздылығын көрсетеді.

Сәт сайын құбылып, ғарыштық жылдамдықпен өзгеріске ұшырап жатқан кәзіргі кезең бізден әрбір ісімізге сергек және бәрінша жауапкершілікпен қарауды талап етеді.

Мемлекет басшысы биылғы Жолдауында бұған дейін айтқан дәйектемелердің дұрыстығын тағы да нақтылай түсіп, ел дамуына тың серпін беретін бағыт-бағдарлардың жана кезеңін ұсынды.

Ол еліміздің әлеуметтік-экономикалық дамуының инновациялық өзегіне айналып, бәсекелік қабілетін арттыра түсуі тиіс.

Сондай-ақ, бұған дейін қабылданған мемлекеттік бағдарламалардың жалғасы ретінде жүйелі жұмыстар мен тың реформаларды қамтыды.

Бүгінге дейін іске асырылған «Нұрлы жол», «Нұрлы жер», «Жол картасы-2020», «Рухани жаңғыру», «Президенттің бес әлеуметтік бастамасы» секілді мемлекеттік бағдарламалар аз уақыттың ішінде өз нәтижесін берді. Ендігі міндет – табысты елге айналу.

Елбасы Жолдауда айтқандай, біз тәуелсіздік жылдары көп жұмыс атқарып, жана мемлекет құрып, бейбітшілік пен қоғамдық келісімді қамтамасыз ете алдық. Қазақстанның халықаралық беделі артып, оның геосаяси рөлінің күшеюіне қол жеткізілді.

Бүгінгі актив жиыны Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың «Қазақстандықтардың әл-ауқатының өсуі: табыс пен тұрмыс сапасын арттыру» атты Қазақстан халқына арнаған Жолдауына және «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты бағдарламалық мақаласы бойынша алдағы міндеттерді айқындауға арналды.

Жаһандану заманында әрбір ұлттың өзін-өзі тануға ұмтылуы – заңдылық. Осы ретте, Мемлекет басшысының «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» бағдарламалық мақаласы Рухани сілкініске жақ сілтеуші бағдар ретінде жаппай қолдауға ие болып, қоғамдағы жаңғыру үдерістеріне зор серпін берді. Сондықтан, бұл бастаманы әрі қарай жалғастыра отырып, оның аясын жана мазмұнмен және тың бағыттармен толықтыра беретін боламыз.

Құрметті жаныға қатысушылар!

Мемлекет пен халықтың күш біріктіруінің арқасында біз Қазақстанда жалпыға ортақ еңбек қоғамын құра алдық.

Өздеріңізге белгілі болғандай, Мемлекет басшысы қазақстандықтардың әл-ауқатын өсіруге тікелей ықпал ететін 6 басымдықты айқындап, нақты тапсырмалар жүктеді.

Ендігі міндетіміз – табысты даму жолында жүктелген міндеттерді абыроймен атқару.

Енді, осы басымдықтар төңірегінде қандай шаруалар күтуде, оларды тиімді жүзеге асырудың шараларын талқыласақ деймін.

I. ХАЛЫҚ ТАБЫСЫНЫҢ ӨСУІ

Елбасы атап өткендей, қазақстандықтардың тұрмыс жағдайы бірінші кезекте өмір сапасының артуы мен кірістерінің тұрақты өсуіне байланысты болып отыр. Сондықтан, еңбекке төлеу жүйесінде біртұрақ реформалар жасауды ұсынды. Бұл



мәселелерге қатысты біз тиісті өкілеттік органдармен жұмыстарды пысықтап, әрбір лауазым иесі өз қызметіне лайық табыс алуын қамтамасыз етеміз.

Статистикалық мәліметтерге жүгінесек, 2018 жылдың екінші тоқсанында орташа еңбекақы 133516 теңгені құрап, осы жылдың I-ші тоқсанымен салыстырғанда 9,4 пайызға көбейді. Оған әсер еткен – жаңа жұмыс орындарының құрылуы, өндірістің өсуі және жаппай кәсіпкерлікке дамыту арқылы нәтижелі жұмыспен қамтуға бағытталған әлеуметтік саясат.

Бұл мақсаттарға бөлінетін қаржы көлемі жыл сайын артуда, республикалық бюджеттің есебінен былтыр 2 млрд теңге қаралса, 2018 жылы бұл сома 3,5 млрд теңгеге дейін артқан.

Сондай-ақ, атаулы әлеуметтік көмектің жаңа форматы да жұмыс істеуге дайын отырған адамдарға қолайлы болып, жұмысқа қабілетті азаматтарды жұмыспен қамтуға бағытталған.

Енді ең төменгі жалақының 1,5 есеге өсуі еңбегі ең төменгі тарифпен бағаланатын халықтың аз қамтамасыз етілген бөлігін ынталандыратын болады. Сондай-ақ, жұмыс берушінің жұмыскердің еңбегіне төмендетілген ақы төлеуінен қорғайтын болды. Одан басқа, ең төменгі жалақының өсуі жүктілігі мен босануына байланысты жұмысқа жарамсыздық қағаздарын, жұмысын жоғалтқанда, медициналық көмек көрсету кезінде төлеу үшін жөнелтілім нүктесі болып табылатындықтан азаматтардың әлеуметтік және медициналық сақтандыруға арналған ресурстарының қосымша көзі болады.

Бұл өз кезегінде «Еңбек» бағдарламасы аясында көрсетіліп отырған жұмыспен қамту шараларына сұранысты көбейтеді.

Сол себепті, Қызылорда қаласы мен аудан әкімдері жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар (Т.Дүйсебаев), экономика және бюджеттік жоспарлау басқармаларымен (м.а. Н.Қордабай) бірлесіп, 2019 жылға республикалық және жергілікті бюджеттерден әлеуметтік және қоғамдық жұмыс орындарына жолданған азаматтардың еңбек-ақысын көбейтуге қосымша қаржы бөлуі қарастыруды пысықтауды тапсырамын.

Қазіргі таңда өз ісін дамытам дегендерге барлық жағдай жасалған, қаржы бар, қолдау көрсетіледі. Ал, адамдардың кәсіби біліктілігін дамыту үшін оқыту үдерісін қайта қарау қажет.

Жыл сайын біз еңбек ресурстары балансын әзірлеп, өзектендіреміз. Барлық оқу орындары мемлекеттік тапсырыс алып, жағдайларын бюджеттік қаржы есебінен шешіп отыр. Алайда, оқу бітіргеннен кейін жұмысқа тұру мәселесі неге өз деңгейінде шешілмей отыр? Сондықтан, оқу орындарының білім беру сапасына жауапкершілігін қайта қарау қажет. Сапалы білім болмайынша, мемлекеттік тапсырыс та болмайды. Бұл бизнес кәсіпорындарына да қатысты.

Осы орайда, Қызылорда қаласы мен аудан әкімдері білім (М.Медведева), жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар (Т.Дүйсебаев) басқармаларымен, «Атамекен» аумақтық кәсіпкерлер палатасымен (Ғ.Жақсылықов, келісім бойынша) бірлесіп аумақтағы барлық оқу орындарына оқу бітіргеннен кейін түлектердің жұмыспен қамтылуына және еңбекке қабілетін арттыруына олардың қызметіне баға беріп, талдау жүргізілсін.

БІРІНШІ. Мемлекет басшысы бизнесті өркендетудің маңыздылығын тағы да атап өтіп, қазақстандықтардың оның бөлігін табыспен қамтамасыз етуде осы тиімділігін зор екенін айтты.

Өздеріңізге белгілі, биылғы жылды өңірімізде «Жаппай кәсіпкерлікті қолдау жылы» деп жариялаған болатынбыз. Осы жұмыстардың өз нәтижесін беруіне орай бұны әкімдігі, мәслихат, «Нұр Отан» партиясының филиалы, қоғамдық кеңес және кәсіпкерлер палатасымен бірлесіп 2018-2020 жылдары облысымызда жаппай кәсіпкерлікті дамытудың үш жылдығы деп қайта жарияладық.

Осы ретте, жұмыс жасап тұрған шағын және орта бизнес субъектілерінің саны бойынша жыл басынан бері өңірлер арасында көпшіасы екенімізді мақтанышымыз айтуға болады. Ағымдағы жылдың I қыркүйегіндегі жағдай бойынша облысымызда тіркелген кәсіпкерлік субъектілерінің саны 51601

бірлікті құраса, оның ішінде жұмыс жасап тұрған кәсіпкерлік субъектілерінің саны 40988 бірлікті құрап, өткен жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда 11,3 пайызға өскен.

Сонымен қатар, аталған бағыт бойынша жасалған жұмыстардың 9 айдағы қорытындысымен келесідей жетістіктерге жеттік.

Біріншіден, «Бизнестің жол картасы 2020» бизнесті қолдау мен дамытудың мемлекеттік бағдарламасы шеңберінде 2018 жылы барлығы 1319 млн теңге бөлініп, облыс бойынша кәсіпкерлік субъектілерінің 377 жобасына қолдау көрсетілді. Яғни:

1) несие бойынша пайыздық мөлшерлемені субсидиялауға 900 млн теңге бөлініп, жалпы құны 4,6 млрд теңге болатын 101 жоба мақұлданды.

2) шағын және орта бизнес несиесі бойынша ішінара кепілдендіруге 219 млн теңге бөлініп, қазіргі кезде кепілдік құны 988 млн теңге болатын 52 жобаға кепілдік ұсынылды.

3) гранттық қаржыландыруға – 200 млн теңге бөлініп, облысымыздың 224 кәсіпкерлерінің жобаларына ұсынылды.

Екіншіден, «Нәтижелі жұмыспен қамту және жаппай кәсіпкерлікті дамыту бағдарламасы» шеңберінде Қызылорда қаласы мен аудандарда микрокредиттер беру үшін 2018 жылы республикалық бюджеттен 3 489 млн теңге бөлінген болатын.

Бұдан бөлек, жыл басында ісін жана бастаған кәсіпкерлерге микрокредит беруді кеңейту үшін облыстық бюджеттен 1 млрд теңге бөлінді. Бұл қаражаттар «Қызылорда» өңірлік инвестициялық орталығына отырғызылды.

Бүгінгі күні бұл бағдарлама бойынша облысымызда жалпы құны 3 млрд теңгені құрайтын микрокредит қаражаттары ісін жана бастаған кәсіпкерлердің 904 жобасына ұсынылды.

Осы ретте, ағымдағы жылдың 5 қазанында Елбасының Қазақстан халқына Жолдауында «Бизнестің жол картасы-2020» бизнесті қолдау мен дамытудың мемлекеттік бағдарламасы» тағы 5 жылға созулды тапсырды. Ал, бұл шешім өз кезегінде экономика салаларында бизнестің тиімді артуына септігін тигізеті анық. Осыған орай, келесілерді тапсырамын:

Кәсіпкерлік және туризм басқармасы (Б.Намаев) «Бизнестің жол картасы-2020» бизнесті қолдау мен дамытудың мемлекеттік бағдарламасы аясында тиісті ұсыныстарды салалық министрлікке енгізісін.

Кәсіпкерлік және туризм басқармасы (Б.Намаев) мен «Даму» Кәсіпкерлікті дамыту қоры» АҚ Қызылорда облысы бойынша аймақтық филиалы (А.Тастанов, келісім бойынша) «Бизнестің жол картасы-2020» бизнесті қолдау мен дамытудың мемлекеттік бағдарламасы аясында жұмыстарды күшейтсін.

Қызылорда қаласы мен аудан әкімдері «Бизнестің жол картасы-2020» бизнесті қолдау мен дамытудың мемлекеттік бағдарламасы аясында жүргізілетін жұмыстарын олар әрі күшейтіп, жоғары көрсеткіштерге қол жеткізсін.

ЕКІНШІ. Елбасы экономикада бәсеке-келестікті дамыту және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы мен табиғи монополиялардың қызметі үшін белгіленетін тарифтер саласында тәртіп орнату мақсатымен батыл шаралар қабылдау керектігін айтты.

Қазіргі кезде «Табиғи монополиялар туралы» заң жобасы Парламент қарауында, онда қызмет сапасының стандарттарын сақтау және олардың қызметтерінің тиімділігін арттыруға байланысты табиғи монополия субъектілерінің қызметтеріне тариф бекітудің ынталандыру әдісі қарастырылған.

Бұдан басқа, заң жобасы тариф қалыптастырудың ашықтығын арттыру мақсатында жана институттарды ендіруге және қоғамды тариф бекіту процесіне тартуға бағытталған. Тарифтік саясат бойынша Кеңес енгізіледі, сонымен қатар, инвестициялық бағдарлама, тарифтік сметаның орындалуына мониторинг жүргізуге қатысу функцияларымен қамтылған табиғи монополия субъектілерінің қызметін тұтынушылардың Қоғамдық бірлестігін құру қарастырылған.

Осы барлық жана бастау тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы саласында тарифті қалыптастыруға қатысты шешімдердің ашықтығы мен айқындылығын қамтамасыз етеді.

ҮШІНШІ. Мемлекет басшысы бизнесті заңсыз әкімшілік қысымнан және қымбатшық құдалау қаупінен қорғауды арттыра түсу қажеттігін баса айтты.

ТӨРТІНШІ. Елбасы табысты арттырудың бірден-бір көзі өңірде секторындағы экспорттаушыларға қолдау көрсетуге аса мән беру керектігін қадап айтты.

Экспортқа бағытталған, бәсекеге қабілетті өндірістерді құру облыс көлемінде индустриялық-инновациялық дамытудың мемлекеттік бағдарламасы аясында жүзеге асырылуда.

Осындай ірі жобаларымыз шетелдік транслүттық компаниялардың қатысумен іске асырылып жатқан шыны, тампонажды цемент және кальцийлендірілген сода зауыттары болып табылады.

Бұл жобалардың іске қосылуы өз кезегінде өңірімізде құрылыс индустриясында жана инновациялық өнімнің пайда болуына, жана инновациялық технологияны қолдану арқылы өңдеу өнеркәсібінде еңбек өнімділігін арттыруға септігін тигізетін болады.

Тампонажды цемент зауыттың үстіміздегі жылдың желтоқсан айында мерзімінен бұрын іске қосуды жоспарлап отырмыз.

Сонымен қатар, өздеріңізге белгілі, шыны зауытына инвестор ретінде қытайлық транслүттық Чайна Триумф Интернешнл Инжиниринг Компаниисы (China Triumph International Engineering Co) тарттық. Қазір құрылыс жұмыстары қарқынды жүргізілуде. Осы жобаның екінші кезеңі ретінде қытайлық компания жоғары технологиялық «Планшет, смартфон және күн панельдеріне арналған аса жұқа шыны өнімдерін шығару» жобасын іске асыруға ниет білдіріп отыр.

2-3-беттер

Joldaýǵa – qolday

ҰСТАЗ МӘРТЕБЕСІ – ҰЛЫ МҰРАТ

Мемлекет басшысының жыл сайынғы Қазақстан халқына арнаған Жолдауларының дені елдің әлеуметтік әлеуетін, халықтың тұрмыс жағдайын жақсартуға бағытталып келеді. Ұлт кошбасшысының «Қазақстанды XXI ғасырда дамыған елдермен теңестіріп, өркениетті әлемнен мәртебелі орын алуына ықпал етер бірден-бір құдірет – білім, білімді ұрпақ» деген сөзі үнемі еске оралады. Осыған сай Елбасы өзінің қай Жолдауында да білім саласының дамуына ерекше назар аударып келеді.

Елбасы «Қазақстандықтардың әл-ауқатының өсуі: табыс пен тұрмыс сапасын арттыру» атты кезекті Жолдауында да негізінен әлеуметтік мәселелерге басымдық берді. Сонымен қатар бұл Жолдау Ұлт кошбасшысының елдің өркендеуі жолында орнықты даму саясатын жүргізіп отырғанын да айғақтады. Жолдауды тыңдай, оқи отырып, кезекті құжаттың білім берудің жана сапалық көрсеткіштерінің нақтылы бағдарламасы екендігіне көзіміз жетті.

Сонымен қатар бұл құжат Елбасының жыл басындағы «Төртінші өнеркәсіптік революция жағдайындағы дамуың жана мүмкіндіктері» атты Жолдауында белгіленген білім беруге қатысты басты басымдықтардың сабақтасты жалғасы.

Елбасы өз сөзінде бүгінгі күні бұддіршілердің 95 пайызының балабақшамен қамтылғанын айта келіп, ендігі міндет мектепке дейінгі білім берудің сапасын түбегейлі өзгерту



екендігіне тоқталды. Ең маңыздысы – балабақшалардың білім беру қызметіне қойылатын біліктілік талаптарын, ондағы тәрбиешілер мен басқа да қызметкерлерге еңбекке төлеудің жүйесін қайта қарау керек екенін және бүгінгі күні мектепке дейінгі білім беру ұйымдарындағы орын алып отырған күрмеулі мәселелердің нақты шешімі болатын «Жол картасын» әзірлеудің қажеттілігін айтты.

Jetistik

АУЫЛ ТҮЛЕКТЕРІ – ТҮГЕЛ ГРАНТ ИЕГЕРЛЕРІ

Қармақшы ауданының Қуандария ауылындағы №186 орта мектебін өткен оқу жылында 7 түлек тәмамдады. Шағын ауылдан түлеп ұшқан талапты шәкірттердің барлығы да білім грантын иеленіп, қазір еліміздің түкпір-түкпірінде оқып жатыр.

Гүлжазира ЖАЛҒАСОВА.

Бұл мектеп жарты ғасырдан астам тарихында мыңдаған шәкіртке жолдама беріп, қанатын қайытқан. Осыдан ширек ғасырдай уақыт бұрын өзіміз ұшқан алтын ұяның жақсы жаңалықтарын қалт жібермеуге тырысамыз. Соңғы жылдары шалғайдағы ауылға жана мектеп салынып, барлық заманауи оқу құрал-жабдықтарымен қамтамасыз етілді.

Жақынды мектеп директоры Жанұзақ Ордаөвпен жолыққанда «биылғы оқушыларымыздың бәрі грантка түсті» деген қуанышты хабар айтты. Бітірушілер Ұлттық бірыңғай тестілеуге түгел қатысып, 72 мен 100 аралығында балл жинады. Химия, биология, география, математика пәндерінен жақсы нәтиже көрсетті.

Қазір мектеп түлектері Мадина Ибадулла мен Айзере Басқынбай Е.Бөкетов атындағы мемлекеттік университеттің «Фармацевтика», Аружан Бекқұл мен Шакарбану Рамадинова М.Қозыбаев атындағы мемлекеттік университеттің «Дефектология», «Мектепке дейінгі дарлық», Ақдiлдi Байшуақов пен Бексұлтан

Құснадин Ш.Құдайбердиев атындағы мемлекеттік университетінің «Геодезия және картография», Өмірқұл Шiлдебаев К.Жұбанов атындағы мемлекеттік университеттің «Бастауышты оқыту әдістемесі» мамандықтарында білім алуда. Бұл – сөз жоқ, ата-аналар үшін де, ұстаздар үшін де зор қуаныш. Шәкірттердің өздері болашақта таңдаған мамандықтарын менгеруге күш салып жүр.

Соңғы жылдардағы білім гранттарының көбейгені, оған «Серпін» бағдарламасы, облыс әкімінің гранты сияқты мүмкіндіктердің қосылғаны, әсіресе, шалғай ауылдағы шәкірттердің жолын ашты, білімге деген ұмтылыстарын қанаттандырды. Оның нәтижесі қуандариялық түлектердің жетістігінен айқын аңғарылады.



ЕЛБАСЫ ЖОЛДАУЫ – ТАБЫСТЫ ЕЛГЕ

Сонымен қатар, «Шалкия» корғасын-мырыш кен байыту комбинатының құрылысы бойынша күні кеше Гана Лондон қаласында «Тау-Кен Самұрық» акционерлік қоғамы Диберсек компаниясымен ЕРС келісімге қол қойды. Осыған орай жыл соңына дейін кен байыту комбинатының құрылысын бастау жоспарлануда.

Сондай-ақ, ішкі нарықты импорт алмастыру мақсатында «Арал Сода» Серіктестігінің кальцилендірілген сода зауыты еліміздің сұранысының 75%-н қамтамасыз ететін болады. Қазір жобаға инженерлік инфрақұрылым жеткізу мәселесі тиісті министрліктен пысықталуда, қаржыландыру мәселесі Қазақстан Даму Банкімен қарастырылуда.

Осыған орай, облыстың әлеуметтік-экономикалық дамуына айрықша үлес қосатын барлық жобаларымыздың жағдайын күнделікті бақылауға алуымыз кажет.

Осы салаға жетекшілік жасайтын облыс әкімінің орынбасары Ким Евгений Германович, индустриялық инновациялық даму басқармасы (Р.Сұлтангереев), Шиели ауданы және Қызылорда қаласы әкімдіктері бірлесіп:

1. «Гезуба Шиели Цемент Компаниясы» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің тампонаждай цемент және «Орда Гласс ЛТД» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің зауыттарының құрылысын кестеге сәйкес жүргізуін тұрақты бақылауға алып, іске қосылуын қамтамасыз етсін;

2. Құрылыс, сәулет және қала құрылысы басқармасы (М.Әлсеріков) Қызылорда қаласының индустриялық аймағындағы темір жол тұйығының құрылысын үстемізделгі жылғы 1 желтоқсанға аяқтасын;

3. Индустриялық инновациялық даму басқармасы (Р.Сұлтангереев) «Баласаускандық» ванадий кенішін игеру жобасы бойынша жер қойнауын пайдалану келісім-шартының мерзімін ұзарту мәселесін Инвестициялар және Даму министрлігімен пысықтасын;

4. Кәсіпкерлік және туризм (Б.Намаев), энергетика және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық басқармалары (М.Усаин) «Арал Сода» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің кальцилендірілген сода зауытына инженерлік инфрақұрылымды жеткізу үшін «Бизнестің жыл картасы – 2020» бірінші бағдарламасы аясында қаржы қарастыру үшін бюджеттік ұсынымды Ұлттық Экономика министрлігіне тапсырсын.

5. Облыс әкімінің орынбасары Ким Евгений Германович, индустриялық-инновациялық даму басқармасы (Р.Сұлтангереев), қытайлық трансұлттық Чайна Триумф Интернешнл Инжиниринг Компаниясының (China Triumf International Engineering Co) «Планиет, smartphon және күн панельдеріне арналған аса жұқа шыны өнімдерін шығару» жобасын жандандырып, құрылатын «Шикізаттық емес секторға тікелей инвестициялар Қорымен» бірлесіп қаржыландыру мәселесін пысықтасын.

БЕСІНШІ. Агроөнеркәсіп кешенінің әлеуетін толық іске асыру керектігін атап өткен Елбасы осы саладағы еңбек өнімділігін және қайта өңделген ауыл шаруашылығы өнімінің экспорттың 2022 жылға қарай 2,5 есеге көбейту міндетін қойды. Ол үшін мемлекеттік қолдаудың барлық шараларын елімізге заманауи агротехнологияларды ауқымды түрде тартуға бағыттау қажеттілігін атап өтті.

Осы тапсырманы Қызылорда облысының Агроөнеркәсіп кешенін дамытудың 2018-2022 жылдарға арналған Агрокартасы аясында жүзеге асырмаыз.

Осы Агрокартаға сай быылдан бастап жалпы құны 7 млрд теңгеден асатын 10 инвестициялық жобаны іске асыруды бастадық.

Сонымен бірге, облыстың экспорттық әлеуетін арттыру және өткізу нарығын кеңейту бағытында біз басқа өнімдерін экспорттауды қайта жандандырдық, көкөністер мен мал етін сыртқа шығара бастадық. Араб әмірліктері, Иран және Монғолия елдеріне 2 мың бас қойды экспорттадық.

Ағымдағы жылы Қытайға мақсары майын экспорттауды бастадық. Нәтижесінде, ауыл шаруашылығының экспорт көлемі ағымдағы жылдың бірінші жартыжылдығында былтырғымен салыстырғанда 23,0% өсіп отыр.

Заманауи агротехнологияларды енгізуде біз Шиели ауданы Ақмия шаруашылығы негізінде «ақылды ферма» жобасын іске асыруды қолға алдық. Жоба аясында цифрлық платформа негізінде нақты егіншілік элементтерін қолданамыз. Бұл тәжірибе облыстың барлық шаруашылықтарына таратылатын болады.

Сонымен қатар, ауыл шаруашылығы өндірісіне 9 жаңа инновациялық жобалар енгізілді.

Елбасының агроөнеркәсіп кешенінің алдына қойылған мақсаттарды орындау үшін ауыл шаруашылығы басқармасына (Б.Жаханов), Қызылорда қаласы мен аудан әкімдеріне келесідей міндеттер жүктелді:

- ауыл шаруашылығының жалпы өнімін 2017 жылмен салыстырғанда 2022 жылғы екі есеге арттыру (86,1 млрд теңгеден 164,9 млрд теңгеге жеткізу);

- еңбек өнімділігін 2,5 есеге (1,3 млрд теңгеден 3,3 млрд теңгеге жеткізу);

- экспорт көлемін 2,5 есеге (100,5 мың тоннадан 250,1 мың тоннаға жеткізу);

- негізгі орта салынатын инвестиция көлемін 5,0 млрд теңгеден 7,8 млрд теңгеге жеткізу.

АЛТЫНШЫ. Инновациялық және сервистік секторларды дамыту мәселесіне келер болсақ, Қызылорда қаласында IT парк және Жастарға қызмет көрсету орталығы құрылуда. Аталған орталықтардың негізгі мақсаттары – ақпараттық технологиялар мамандығы бойынша әртүрлі аймақтармен мемлекетаралық жастардың басын қосып, олардың әлеуетін дамыту, пайдалану. Сонымен қатар, мектеп оқушыларының, студенттердің, салалық мамандардың жаңа идеяларын қолдап, IT жобалар бастамаларына қолдау көрсету. Осы арқылы стартаперлердің идеяларын жүзеге асыру, және инвестицияларды ынталандыру, жобаларды коммерциализацияу көзделген.

Сонымен бірге, бірінші мобилдік деректерді өңдеу орталығын жүзеге асыру жоспарлануда. Аталған орталық үлкен деректерді (Big Data) бірі жерге жинап, өңдеуге, әрі қарай жасауды мүмкіндік, блокчейн технологияларын дамытуға ынталандыра берді.

«Smart квартал» жобасын іске асыру мақсатында «Е-шаньрак» бірінші интеллектуалдық жүйесіне деректерді беруге есепке алу құралдарымен жабдықтау мақсатында Тасбөгет кентіндегі 13 көпқабатты тұрғын үй таңдалды.

Қазіргі таңда облыстық бюджеттік комиссиясының шешімімен аталған жобаны іске асыру

мақсатында 6 млн теңге қаражат бөлінді.

2022 жыл соңына дейін барлық көпөңірлі үйлерді «Е-шаньрак» бірінші интеллектуалдық жүйесіне қосу жоспарлануда, цифрландырудың жол картасына енгізілген. Нәтижесінде, барлық көпөңірлі үйлердің есепке алу құрылғыларының көрсеткіштері автоматтандырылған түрде жинақталатын болады.

Салық және кеден саласындағы ақпараттық жүйелер интеграциясының аяқталуы әкімшілендірудің ашықтығын арттырады.

Қазіргі таңда «Бірінші төлем құжаты» жобасы іске асырылып, қала тұрғындарының барлығы бірінші төлем құжатымен толығымен қамтылған. Нысаналы индикатордың мәніне (85 мың) қол жеткізілді.

Аталған жоба үлгісінде «Борышкерлердің бірінші порталын» құру жоспарлануда. Аталған порталдың мақсаты: жеке тұлғалардың салық, алимент, кедендік төлемдер, айыппұлдар, т.б. берешектер тізімін ашық жариялау арқылы жергілікті бюджетке түсімдерді көбейту, борышкерлер санын азайту.

ЖЕТІНШІ. Мемлекет басшысы нақты экономика өркендету үшін қаржы секторының ролін күшейтіп, ұзақ мерзімді макроэкономикалық тұрақтылықты қамтамасыз ету қажеттігін айтты.

II. ТҮРМЫС САПАСЫН АРТТЫРУ

БІРІНШІ. Елбасы халыққа қызмет көрсету сапасын елеулі түрде арттыруды қамтамасыз ететін тиісті реформаларды жүзеге асыру үшін Үкіметке 5 жыл ішінде білім, ғылым, денсаулық сақтау салаларына барлық қозғалыс жасалатын қаражатты ішкі жалпы өнімнің 10 пайызына дейін жеткізу қажеттігін тапсырды.

ЕКІНШІ. Жолдауда Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев мектепке дейінгі білім беру сапасын түбегейлі жақсарту бойынша тапсырма берді.

Біз осыған дейін облыста 3-6 жастағы балаларды балабақшамен 100% қамтамасыз еттік.

Балабақшалардағы оқыту мазмұнын жақсарту үшін, біріншіден, педагогтардың кәсіби деңгейін көтеру қажет. Өкінішке қарай, балабақшалардағы жасап жатқан педагогтардың 25 пайызы ғана кәсіби мамандар.

Балаларды ерте жастан бастап мамандыққа баулу үшін балабақшаларда мазмұндық бағдарламалар осы жүйені қамтуы қажет.

Бұл жұмыстар мектепте де үздіксіз жүзеге асырылып, осы тұрғыда енгізіліп жатқан функционалдық сауаттылық негізгі фактор болуы керек.

ҮШІНШІ. Біз 2015 жылы республикада алғашқылардың бірі болып «Назарбаев зияткерлік мектептерімен» өзара әріптестік жөнінде меморандум жасадық. Осының аясында Назарбаев зияткерлік мектептерінің тәжірибесі таратылатын 46 инновациялық мектептер желісі құрылып, мазмұнды жұмыс жасауда. Елбасының тапсырмасына сәйкес бұл бағыттағы жұмыстарды әрі қарай жетілдіріп, барлық мектептерге ендіруді жалғастыру қажет.

ТӨРТІНШІ. Елбасы Жолдауда педагог мәртебесін көтеру мәселесіне айрықша тоқталды. Бүгінгі күні жанартық білім беру мазмұнымен сабақ беретін мұғалімдердің жалақыларының 30%, жаңа форматты бойынша аттестаттаудан өткен ұстаздардың жалақыларына 30-50% көлемінде үстеме төленуде.

Білім алудың қолжетімділігін арттыру мақсатында, орын тапшылығы мен апаптық мектептерді жою үшін соңғы 6 жылда облыста 69 мектеп салынды. Нәтижесінде, 2015 жылы үш ауысымды мектептер түбегейлі жойылса, апаптық мектептердің мәселесі негізінен шешілді. Бүгінгі күні облыстағы 1 апаптық мектептің құрылысы жүруде.

Жолдауда орта мектептің деңгейінде оқушыларды барынша сұранысқа ие мамандықтарға бейімдеп, кәсіби бағыт-бағдар беру мәселесі айтылды.

Жаңғырып жетілуді мүлде жаңа, мазмұндық және сапалық тұрғыдан бұрынғыдан бөлек, әлдеқайда биік сатысына көтерілуге ұмтылған елімізге жасамапз, білікті, өзгерістерден қорықпайтын мамандар қажет.

Осы ретте, біздің ұдайы назарда ұстайтын ерекше маңызды көрсеткішіміз – тұрғындарымыздың жұмыспен қамтылуы. Расында, жас мамандар келешек кәсібіне сай, сапалы білім алып, мамандығы бойынша еңбек етсе, құба-құп. Алайда, нақты өмірде, көп жағдайда олай бола бермейді. Мойындау қажет, бізде бұл мәселеде келесіндіктер аз емес. Түлектерді бір мамандық бойынша даярлауымыз, ал, олар мүлде басқа саладан орын табады. Олардың қабілеті мен нарықтағы жағдайды ескере отырып, түлектерді дұрыс бағыттау – біздің міндетіміз.

Елбасы Жолдауында айтылған «Нәтижелі жұмыспен қамтуды және жаппай кәсіпкерлікті дамытудың 2017-2021» жылдарға арналған бағдарлама облыс экономикасының дамуына ерекше серпін беруде.

Қазіргі таңда 2017 жылдан бастап жүзеге асырылған бағдарлама аясында 2000-нан астам студент жұмысшы кәсібі бойынша білім алуда.

Алдағы уақытта «Атамекен» Ұлттық Кәсіпкерлер палатасының облыстық филиалымен бірлесіп отырып, аймақтың еңбек ресурстарына балансына сәйкес, жүзеге асырылып жатқан индустриалды-инновациялық жобаларға және шағын, орта бизнес өкілдеріне қажетті, сұранысқа ие мамандықтар бойынша кадрлар даярлауды жүзеге асыру қажет.

БЕСІНШІ. Жоғары білім беру саласында маман дайындауда еңбек нарығы сұраныстарын көп ескеру қажет.

Жоғары оқу орындарында студенттер үшін білім алу траекториясын таңдау мүмкіндігі жоқ, студенттердің таңдаған пәндері бойынша бағдарлама жасақтау және оқыту жұмысы немқұрайлы жүзеге асырылады. Жергілікті университеттер осы айтылғанды ескере отырып, білім беру бағдарламаларын жыл сайын жаңартып, қайта әзірлеуі қажет. Быылдан бастап күшіне енген академиялық еркіндік қағидасы сіздерге оған жол ашты.

Осыған орай, облыс әкімінің орынбасары Руслан Рүстемұлы Рүстемов, білім басқармасы (М.Мелдәбекова):

- Мектепке дейінгі білім беру сапасын жақсартудың «Жол картасын» әзірлесін;

- Балалар қауіпсіздігі мәселесін қамтамасыз ету үшін психологтарының жұмысы күшейтілсін;

- Экономика және бюджеттік жоспарлау басқармасымен (м.а. Н.Қордабай) бірлесіп білім беру ұйымдарының бейнебақылау камераларымен жабдықтау үшін бюджеттік өтінім әзірлесін;

- Жаңа инновациялық әдістерді кенінен

қолдана отырып, мектептердегі кәсіби бағыт-бағдар беру жұмыстары күшейтілсін;

АЛТЫНШЫ. Елбасы өз Жолдауында ең алдымен, әсіресе ауылдық жерлерде алғашқы медициналық-санитарлық көмектің қолжетімді болуын қамтамасыз ету қажеттігіне тоқталып өтті.

Бұл мәселе біздің өңіріміз үшін өте өзекті, себебі, облыс халқының 60 пайыздан астамы елді мекендерде тұрады. Осыған байланысты соңғы 5 жылда республикалық және облыстық бюджет қаражаты есебінен 54 амбулаториялық нысан жандандырылып, бастапқы медициналық-санитарлық көмек ұйымдарының 63 пайызы жанартылды. Сонымен қоса, алдағы 2 жылда денсаулық сақтау жүйесінің желісі нормативке сәйкестендіріледі. Бұл жерде біз республикалық, жергілікті бюджет және мемлекеттік жекешелік әріптестік тетіктерін кеңінен қолдануымыз керек.

Сонымен қоса, емхана қызметкерлерін ынталандыру үшін 2019 жылдың 1 қаңтарынан бастап ауруларды емдеу ісін басқарудың жаңа тәсілдерін енгізген аймақтық медицина қызметкерлерінің жалақысын кезең-кезеңмен 20 пайызға көбейту айтылды. Мұнда алғашқы медициналық көмек маңызды рөлге ие болуы тиіс. Бастапқы буын медицина қызметкерлерінің міндеті – ауруларды ерте анықтауды қамтамасыз етіп қана қоймай, пациенттермен бірлесіп халықтың денсаулығын да тиімді басқару. Ол үшін бүгінгі таңда тиісті мамандарды оқумен қамтып, жоспарлы жұмыстарды жүргізу керек.

Онкология қызметі ерекше маң аударуды қажет ететін сала. Облысымызда қатерлі ісік ауруларын ерте диагностикалауда, емдеуде оң нәтижелер байқалады. Сонымен қатар, науқастарды емдеуде халықаралық озық тәжірибелерді кенінен енгізу керек. Осыған байланысты көпсалалы (онкологиялық профилі бар) 300 төсекке арналған, заманауи медициналық құралдармен жабдықталған аурухананың жобалық-сметалық құжаттамасын әзірлеуге биыл тиісті қаражат қарастырылып, сол жағалаудан жер телімі бөлінді. Жыл соңына дейін жұмыс жобасына мемлекеттік сараптама қорытындысын алып, 2019 жылы құрылысты бастауымыз қажет.

Медициналық қызметтің сапасын арттырудың бірден-бір жолы – ол саланы цифрландыру.

Қазіргі таңда облыстағы барлық медициналық ұйымдар 100% ақпараттық жүйелермен қамтылды, интернет жүйесі, компьютермен толығымен жабдықталған. Ендігі кезекте электрондық денсаулықпаспортты енгізу, «қағаз қолданбайтын ауруханаға» қошу арқылы медициналық көмектің қолжетімділігі мен тиімділігін арттырамыз деп жоспарлап отырмыз.

Облыс әкімінің орынбасары Руслан Рүстемұлы Рүстемов, денсаулық сақтау басқармасы (А.Әлназарова):

- облыстағы денсаулық сақтау жүйесінің желісін нормативке сәйкестендіру жұмыстарын Бірінші аяда жоспарына сәйкес жалғастырсын;

- амбулаториялық деңгейде созылмалы ауруларды басқару бағдарламасына көшу бойынша жұмыстар жүргізіп, ауруларды ерте диагностикалаудың, емдеудің дәлелденген халықаралық озық тәжірибелерін кенінен енгізісін;

- 2019 жылдың 1 қаңтарынан бастап барлық медицина ұйымдары «қағаз қолданбайтын ауруханаға» көшірілсін, облыс тұрғындарын толығымен электрондық денсаулық паспорттарымен қамтамасыз етсін;

- Медициналық ұйымдарда әлсіздігіне көрсетілетін қызмет түрлерінің үлес салмағы арттырылсын;

- Құрылыс, сәулет және қала құрылысы басқармасымен бірлесіп (М.Әлсеріков) көпсалалы 300 төсекке арналған аурухананың жобалық-сметалық құжаттамасын әзірлеп, жұмыс жобасына мемлекеттік сараптама қорытындысын алысн.

ЖЕТІНШІ. Елбасы өңірлік деңгейдегі резервтерді тауып, бұқаралық спорт пен дене шынықтырудың қолжетімділігін арттыру қажет екендігін білсе айтты.

Бұқаралық спортты одан әрі дамыту үшін мемлекеттік-әлеуметтік тапсырыс шеңберінде 2018 жылы бюджеттен 120,6 млн теңге бөлініп, 282 спорт нұсқаушысы 138 елді мекендегі 41 040 мың адамды тұрақты дене шынықтырумен шұғылданауға тартқан, шұғылданышылар орта мектептердегі спорт залдарын сабақтан тыс уақытта пайдаланады.

Спорттық инфрақұрылымдарды дамыту бойынша 2017 жылы орталық стадион жанындағы қосалқы алаң қайта жаңғыртудан өткізілді, қаланың шет аймақтарындағы жастардың спорт нысандарына қолжетімділігін қамтамасыз ету мақсатында Ұлттық Олимпиада Комитетінің қолдауымен 4 «Стрит воркаут» алаңдары және жергілікті бюджет есебінен 20 көшедегі спорт алаңдары тапсырысқа берілді. Үстемізделгі жылы Қызылорда қаласында 5 спорт алаңы салынды, келесі жылы Қызылорда қаласында және аудандарда 10 спорт алаңы салынады.

Ауылдық елді мекендердегі тұрғындардың спорт нысандарына қолжетімділігін арттыру үшін үстемізделгі жылы жергілікті бюджет есебінен Еңбекші, Жанқожа бағыр, Мәдениет, Ақжарма, Түгікесін, Сексеуіл, Төретам тіркеті елді мекендерінде 7 спорт кешені пайдалануға берілді.

Мемлекеттік-жекешелік әріптестік аясында кәсіпкерлер белсенді қызмет жасап келеді, соның арқасында 2017 жылы Қызылорда қаласында «Тарлан» спорт кешені және «Мерей» мөлтек ауданында дене шынықтыру-сауықтыру кешенін қала беру жобасы, Шиели ауданы Ақмия және Алағабас ауылдарынан дене-шынықтыру сауықтыру кешенін жалға алу жобалары іске қосылды.

Үстемізделгі жылы қосымша 7 жобаны, Жалағаш ауданында Жалағаш кенті мен Таң ауылы, Жаңақорған ауданы Жаңақорған кенті мен Сүттіқұдық ауылы, Шиели ауданында Бестам, Төңкірек, Бекезаған ауылдарында дене-шынықтыру сауықтыру кешендерін жалға алуды іске асыру жасалуда.

Келесі жылы Шиели ауданы – Сұлғұтөбе, Жаңақорған ауданы – Төменарық және Бірлік, Қармақшы ауданы – III Интернационал, Арал ауданы – Қамыстыбас және Шижана, Сырдария ауданы – Бесарық, Жалағаш ауданы – Аққұм, Қазалы ауданы Өркендеу тіркеті елді мекендерде спорт нысандарын салу кезең-кезеңімен жүзеге асатын болады.

Атқарылған жұмыстар нәтижесінде тұрғындардың спорт нысандарына қолжетімділігі артып, дене шынықтыру және спортпен жүйелі түрде шұғылданығанын тұрғындар үлесі артады.

Осы ретте дене шынықтыру және спорт басқармасы (О.Ақимов):

- дене шынықтыру пәні мұғалімдеріне

секциялық сабақтарды өткізгені үшін қосымша ақы төлеуді және дене дайындығы бойынша балалар-жасөспірімдер клубтарын ашуды қамтамасыз етсін;

- жалпы білім беру мектептерін стандартты спорт залдарымен, қажетті спорттық мұқаммал және тиісті жабдықтармен жарақтандырсын;

- қала, кент, елді мекендер мен мөлтек аудандарда тозығы жеткен спорт алаңдарын жөндеу, бақтар мен демалыс орындарында тренажерлар мен стритбол алаңдарын және қала, аудан орталықтарында жабық жүзу бассейндерін салуды жүзеге асырсын;

- мемлекеттік-әлеуметтік тапсырыс арқылы жұмыс жасайтын спорт нұсқаушылары және әдіскерлер санын арттыру және шұғылданышыларды спорттық құрал-жабдықтармен қамтамасыз етсін.

СЕТІЗІНШІ. Жолдауда Мемлекет басшысы Үкіметке халықты сапсыз әрі денсаулыққа және өмірге қауіп төндіретін тауарлар мен көрсетілетін қызметтерден қорғайтын шаралар қабылдауды және осы жұмысты ретке келтіруді тапсырды.

III. ӨМІР СҮРУГЕ ЖАЙЛЫ ОРТА ҚАЛЫПТАСТЫРУ

Бұл басымдық төңірегінде Елбасы тұрғын үй қолжетімділігін арттыру, сапалы инфрақұрылыммен қамтамасыз ету міндеттерін айқындады.

2018 жылы Қызылорда облысы бойынша 1747 пәтерді құрайтын 69 көпқабатты тұрғын үйдің құрылысы (123,3 мың ш.м.) жүргізілуде (оның ішінде жеке құрылыс компаниялары арқылы 860 пәтерлік 21 көпқабатты тұрғын үй – 70,0 мың ш.м.).

«Нұрлы жер» тұрғын үй құрылысының мемлекеттік бағдарламасы аясында тұрғын үй құрылысын мен инженерлік-коммуникациялық инфрақұрылым желілерін дамытуға мемлекеттік бюджет есебінен барлығы 11,9 млрд теңге қаржы бөлінді.

Сонымен қатар, құнды қағаздар шығару есебінен кредиттік тұрғын үйлер бойынша Қызылорда қаласы Сырдария өзенінің сол жағалауында 60 пәтерлік 4 тұрғын үй құрылысына 2,1 млрд теңге бөлінді.

2018 жылы облыс бойынша 667,4 мың шаршы метр тұрғын үй салу және жеке тұрғын үй құрылысы аумақтарына 495 шақырым инженерлік желілер жүргізу жоспарлап отырмыз.

Бүгінгі күнге облыс бойынша жергілікті атқарушы органның тұрғын үй алуға барлық санаты бойынша кезекке тіркелгендер саны 27 274 адамны құрап отыр. Оның ішінде «Мемлекеттік қызметшілер, бюджеттік сала қызметкерлері» санаты бойынша 11 571 болса, «Халықтың әлеуметтік жағнаын осал топтары» бойынша 13 712 адам тіркеліп отыр.

Сонымен қатар, халықтың әлеуметтік жағнаын осал топтарын қолжетімді жасауға қамтамасыз ету мақсатында облыста арнайы «Орда» тұрғын үй құрылысының «Жол картасы» әзірленіп, облыстық бюджеттен жыл сайын қажетті қаржы бөлу туралы шешім қабылданды.

Алынған пәтерлер тұрғындарға кейін өтеу құқығымен ай сайынғы жалға алу құны шарты бойынша беріледі. Бұл бағдарламаның ең басты ерекшелігі – тұрғындар алғашқы жарнасын төлемейтін болады.

Жол картасын тиімді жүзеге асыру мақсатында Қызылорда қаласы Сырдария өзенінің сол жағалауында жеке құрылыс компаниялары есебінен салынып жатқан 18 көпқабатты тұрғын үйдің (770 пәтер, 59,4 мың ш.м.) 4 және 5 қабаттарындағы пәтерлерді сатып алу туралы облыс, қала әкімдіктері мен құрылыс компаниялары арасында ұшықаты келісім жасалды.

«7-20-25» бағдарламасы бойынша облысымызда бастапқы тұрғын үйдің ең жоғары құны 15 млн теңге болып бекітілген.

ҚР Ұлттық банк



АЙНАЛУДЫҢ АЙҚЫН БАҒДАРҒЫ

біздің облыстан 2 мемлекеттік қызметші шетелдің беделді жоғары оқу орнында білім алуға. Оның ішінде, облыс әкімі аппараты басшысының орынбасары Ысқақов Руслан Американың Нью-Йорк қаласындағы әлемге танымал Колумбия (Колумбийский) университетінде білім алуға.

Одан бөлек, «Болашақ» бағдарламасының 6 стипендианты мен Мемлекеттік басқару академиясының 14 түлегі облыстың жергілікті атқарушы органдарында қызмет атқаруда.

Сондай-ақ, біздің бастамамызбен Ресей Федерациясы Президентінің жанындағы Ресей халық шаруашылығы және мемлекеттік қызмет академиясымен тығыз ырыстық байланыс орнатылды. Бірлесіп әзірленген арнайы бағдарлама бойынша соңғы 3 жыл ішінде облыстың барлық басшылық құрамы (облыс әкімінің орынбасарлары, аудан әкімдері, облыстық басқарма басшылары мен олардың орынбасарлары) сол Академияда «Евроменеджмент» қысқа мерзімді оқу курстарын бітірді.

Қазіргі таңда 9 қызметкеріміз осы оқу орнында магистратура және докторантура бағдарламалары бойынша білім алуға.

Ендігі кезекте, Мемлекет басшысының тапсырмасына сәйкес, Мемлекеттік басқару академиясы мен Назарбаев Университеті бірлесіп отырып, «Жаңа формациядағы басшыларға» арналған арнайы курстар өткізілетін болады.

Өздеріңіз білетіндей, осы жылдың басынан бастап республикадағы 4 мемлекеттік орманда (Мемлекеттік қызмет істері агенттігі, Әділет министрлігі, Маңғыстау облысы мен Астана қаласының әкімдіктері) пилоттық жоба ретінде еңбекші тәуелділік жобасы енгізілді. Жаңа жүйеге сәйкес аталған мемлекеттік органдардағы жалақы көлемі 2-2,5 есеге деңгейленді. Келесі жылдан бастап, бұл жүйе біздің облыста да енгізілетін болады. Бұған жауаптылар – облыс әкімінің орынбасары Қуанышбек Досмайылы Ысқақов, аппарат басшысы Марат Нұрбайұлы Делмуханов, экономика және бюджеттік жоспарлау (м.а. Н.Қордабай), қаржы (Т.Жақыпбаев) басқармалары.

Қазіргі таңда, жалақы көлемін көтеруге қарап, мемлекеттік органдарды оңтайландыру жұмыстары жүргізілуде.

Облыс әкімінің орынбасарларына, әкімдерге және басқарма басшыларына оңтайландыру жұмыстарын тиімді атқаруды міндеттеймін. Тиісті ұсыныстарыңызды енгізіңіздер!

ЕКІНШІ. Құрделі кезеңде бөлінегі әрбір теңгенің қайтарымының мол болуына қол жеткізу керек.

Өздеріңіз білесіздер, облыстың қордаланған, түйткілді мәселелерін шешу үшін республикадан қолма қолға жұмыс тарту оңай шаруа емес! Біз әрдайым өздеріңізбен бірлесіп, шешімді табуға қажет ететін проблемалық мәселелерімізді дер кезінде сараптап, Үкіметке ұсынып отырамыз.

Нәтижесінде, біздің дәлелді-дәйектерімізге қарай қажетті қаражат бөлініс отыр. Дегенмен, қолданатын мемлекеттік сатып алу процедураларының жетілдірілуі – біздің кейбір жобаларымызды уақытылы іске асыруға кері әсерін тигізетін жасырын емес.

Сондықтан, менің тапсырмаммен Үкіметке тиісті ұсыныстар берілді. Қазір Парламентте мемлекеттік сатып алу туралы Заңның жобасы қаралуда. Оған біз ұсынған нормалар да енді.

Осы орайда, облыс әкімінің орынбасары Қуанышбек Досмайылы Ысқақов, мемлекеттік сатып алу басқармасы (Ж.Ерсейтова) бұл бағыттағы жұмыстар әрі қарай жалғастырылуы тиіс. Ол үшін Қаржы министрлігімен әзірленетін Ереже саланың жұмысын жетілдіруге бағытталған өз ұсыныстарымызды енгізу қажет. Бақылауға алыңыз!

Елбасы айтқандай, осы күрделі кезеңде әрбір теңге тиімді жұмсалып және нақты нәтижеге қол жеткізілуі тиіс.

Мен әрдайым айтап жүремін – қыруар еңбекпен келген қаржыны мақсатты әрі сапалы игеру және жұмысты тиімді жоспарлау бірінші басшылардың жеке жауапкершілігінде.

Тағы да қатаң ескертеміні! Жүктелген міндеттеріңізге жауапкершілік танытып, бюджет қаражатын тұрғындардың нақты қажетіне бағыттау керек. Барлық әкімдерге, облыстық бюджеттік бағдарлама әкімшілеріне өздеріне тапсырылған жұмысты жоғары деңгейде атқаруды міндеттеймін.

Талап етемін!
ҮШІНШІ. Сыйбайлас жемқорлықпен белсенді күрес жалғасатын болады.

Елбасы атап өткендей, бүгінде жер қатынастары мен құрылыс салалары – бизнес өкілдері мен жеке тұлғаларды жиі мазалайтын сыйбайлас жемқорлық тәуекелі жоғары мемлекеттік қызметтер болып отыр.

Бұл бағытта біз әкімшілік кедергілерді азайту мақсатында мемлекеттік қызметтерді автоматтандыру мен оңтайландыруды қолға алдық.

Осы орайда, жақында ғана облыстық цифрлық технологиялар басқармасы құрылды. Арнайы осы саланың маманы ретінде облыс әкімінің кеңесшісі тағайындалды.

Басқарма өңір экономикасының түрлі салаларына заманауи технологияларды ендірумен қатар, мемлекеттік қызмет көрсету сапасын арттырумен тікелей айналысатын болады. Жолдауда айтылғандай, 2019 жылы мемлекеттік қызметтердің 80 пайызы электронды форматқа көшуі тиіс.

Бүгінде жергілікті атқарушы органдармен көрсетілетін 195 қызметтің 94-і (48%) «электронды үкіметтің» веб-порталы арқылы көрсетіледі.

Ал, ағымдағы жылдың 8 айында көрсетілген 1,8 млн жаппы қызметтің 40 пайызы ғана (698 мың) электронды қызметтердің үлесін құрап отыр.

Дегенмен, әлі де халыққа түсіндіру жұмыстары аз, тұрғындардың компьютерлік сауаттылығын барынша арттыру қажет.

Өткен жылдан бастап, сыйбайлас жемқорлық тәуекелін азайту мақсатында, Кәсіпкерлерді қолдау орталығы арқылы коммуналдық қызметтерге (электр, газ, су, жылу құбырлары) техникалық шарттар алуын онлайн механизмі іске қосылды. Яғни, кәсіпкерлерге техникалық шартты монополиялық құрылымдарға бармай-ақ, 3 күннің ішінде электронды түрде алу мүмкіндігі жасалды. Бүгінгі күні 350 онлайн-техникалық шарт ұсынылды.

Сонымен қатар, жер қатынастары бойынша «мемлекеттік қызметтердің регламенттерін» бекіттік. Нәтижесінде әрбір рәсімдеу мерзімі 3,5 есеге қысқарды.

Қазір, аукцион арқылы жер учаскесін сатып алу қызметін электронды форматқа көшіру жұмыстары басталып кетті.

Атап өтетін жайт, өңірміз жер саласын шифрландыру бойынша «пилоттық облыс» ретінде айқындалды. Осының аясында кәсіпкерлік және туризм (Б.Намаев), цифрлық технологиялар және жер қатынастары (Д.Бултанов) басқармаларына «жер саласын шифрландыруды» жалғастыру және «жер қоры туралы қолжетімді ақпарат қамтылатын базаны құруды» тапсырамын.

Негізгі міндетіміз – көрсетілетін мемлекеттік қызметтер аясында мемлекеттік қызметшілердің тұрғындармен тікелей қарым-қатынасын азайтуға қол жеткізу.

Облыс әкімінің кеңесшісі Алменова Ақмарал Байжанқызына, Цифрлық технологиялар басқармасына (Д.Бултанов) электронды қызметтерді автоматтандыру мен олардың үлесін арттыруға қатысты тиісті шаралар кешенін жүргізуді тапсырамын.

Облыс әкімінің орынбасары Евгений Германович Ким, осы жұмыстарды үйлестіру Сізге тапсырылады.

V. ТИМДІ СЫРТҚЫ САЯСАТ

Елбасы Жолдауында тапсырылған тиімді сыртқы саясат орнату мәселесі облысымызда жүйелі жүзеге асуда. Бұл бағытта, 2013 жылдан бері «Baikong Invest» Халықаралық инвестициялық форумын ұйымдастырып келеміз. Осы кезге дейін ұйымдастырылған 9 форумның аясында өңір экономикасына 100 млрд теңгеден астам инвестиция тартылды.

Сыртқы байланыстарды дамыту мақсатында атқарылған жұмыстар нәтижесінде Қызылорда облысы мен Ресей (оның ішінде Татарстан), Қытай, Ұлыбритания, Түркия, Әзербайжан, Иран, Франция, Болгария, Жапония, Корея және т.б. мемлекеттер арасында сауда-экономикалық ынтымақтастық орнана. Оған қоса, облысымыз Еуропа қайта құру және даму банкі, Азия даму банкі, Ислам және Бүкіләлемдік даму банкі сияқты бірқатар халықаралық қаржы ұйымдарымен де тығыз байланыста.

Осы ретте, аймақта Қазақстан-Қытай қарым-қатынасы аясында 4-ші инвестициялық жоба жүзеге асырылуда. Олар алдында айтып кеткен тампонажды цемент, шыны және кальцийлендірілген сода өнімдері зауытына. Сондай-ақ, облыста халық тұтынатын тауарлар, азық-түлік, құрылыс заттарын шығару бойынша Түркиямен 3 жоба, Ресеймен 2 жоба және британиялық 1 жоба жүзеге асырылуда. Бұл Жолдауда атап көрсетілген экспорттық әлеуетімізді арттыру тұрғысынан ғана емес, ішкі нарықты отандық тауарлармен толтыру үшін де маңызды қадамдар болып табылады.

Сонымен қатар, жаңартылатын энергия көздерін дамыту бағытында өңірмізде француз және болгар компанияларымен күн электр станциясын салу жобасы бойынша жұмыстар басталды.

Ендігі кезекте цифрлық технология бойынша Азияның Жапония, Корея секілді алдыңғы қатарлы елдерінен және жаңартылатын энергия көздері бойынша Еуропаның Норвегия, Финляндия секілді дамыған елдерінің компаниялары облысымызға тартып, озық технологияларды енгізу бойынша белсенді жұмыс атқару қажеттілігі туындап отыр. Осыған орай:

1. Облыс әкімінің орынбасары Ким Евгений Германовичке, облыстық индустриялық-инновациялық даму басқармасына (Р.Сұлтангереев) алғашы қараша айында өткізілетін X «Baikong Invest» Халықаралық инвестициялық форумын «Жасыл экономика» тақырыбына арнауды тапсырамын. Осы орайда, форум секцияларында баламады энергетика, жаңа материалдар, биомедицина, үлкен деректер, заттар интернеті, жасанды интеллект, блокчейн және басқа да бағыттарды қамту қажет.

2. Облыс әкімінің орынбасарлары Серік Салауатұлы Қожанязов, Серік Жәсіпұлы Сүлейменов өздері жетекшілік жасайтын тиісті басқармалармен (облыстық ауыл шаруашылығы, табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу, жолаушылар көлігі және автомобильдер жолдары, энергетика және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық, құрылыс, саудат және қала құрылыс басқармалары) бірлесіп, форум жұмысына әр салаға кем дегенде 1 шетелдік инвестордан тартуды тапсырамын.

3. Қызылорда қаласы мен аудан әкімдеріне өңірде өнеркәсібіне инвестиция салатын, экспортқа бағытталған және импортты алмастыратын өнеркәсіп ашу мақсатында кем дегенде 1 шетелдік компанияны инвестиция салу үшін тар-

тулы тапсырамын.

Бұл ретте, әр қала, аудан әкімдерінің және басқарманың жұмысы жыл қорытындысымен салаға тартылған инвестиция көлемімен бағаланындығын ескертемін.

VI. ӘРБІР ҚАЗАҚСТАНДЫҚТЫҢ ЕЛІМІЗДЕГІ ӨЗГЕРІСТЕР ҮДЕРІСТЕРІНЕ АТСАЛЫСУЫ

Елбасының «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» бағдарламалық мақаласы Мәңгілік еліміздің мақсат-мұратын жүзеге асырудың түп негіздерін, рухани жаңғыруымыздың негізгі бағыттарын айқындап берген ұлт жадының тұжырымдамасы болды.

Бағдарламаны жүзеге асыру мақсатында аймақта жыл басынан 164 ауқымды шара өткізіліп, жергілікті бюджеттен 602,9 млн теңге бөлініп, қазіргі таңда 314,2 млн теңге игеріліп, мешеу-наттар демеушілігімен 11,8 млрд теңге көлемінде қаржы жұмсалды.

Тың жобалардың қатарындағы Қазақ Орталық атқару Комитетінің (ҚазЦИК) ғимараты үлгісіндегі қалалық музей мен «Рухани жаңғыру» орталығы пайдалануға берілді.

Облыстық «Рухани жаңғыру» орталығы қоғамдық сананы жаңғыртуға бағытталған 105 ауқымды шара өткізіп, бағдарламаның басым бағыттарын насихаттауға белсенді атсалысты.

«Қазақстанның киелі жерлерінің географиясы» жобасының бірінші кезеңі жүзеге асырылып, облыс бойынша 12 ескерткіш жалпыұлттық, 35 ескерткіш өңірлік маңызы бар қасиетті орындар тізіміне енгізілді.

Үстіміздегі жылы ортағасырлық Сығанақ, Жанкент, Қышқала, Сортобе, Бөбіш мола қалашықтарына археологиялық зерттеулер жүргізілді. 3 нысан (Қалжан ахун мешіт-медресесі, Мырзабай ахун, Марал ишан кесенелері) реставрациядан өткізілді.

«Цифрлық Қазақстан» бағдарламасы бойынша Қызылорда облысының тарихи-мәдени мұра объектілерінің 3D форматтағы интерактивті картасы әзірленіп, облыс аумағындағы 150 ескерткішке QR-код таяқшалары орнатылды.

ЮНЕСКО-ның материалдық мұраларын алдын ала тізіміне Қызылорда облысы бойынша 9 нысан (Сығанақ, Жанкент, Бөбіш мола, Кескен күйік, Жент, Шірік-Рабат, Баланды қалашықтары, Жетісар мәдениет ескерткіштері және Сауысқандық петроглифтері) енгізілді.

Сондай-ақ, Қорқыт ата мұраларын материалдық емес мәдени мұралар тізіміне енгізу үшін тиісті құжаттамалары Қазақстан Республикасының ЮНЕСКО және ИСЕКО істері жөніндегі Ұлттық комиссияға тапсырылды.

Сонымен бірге, «Ауыл – ел бесігі» жобасы бойынша «Рухани жаңғыру» орталығы (Н.Мыңжас) дене шынықтыру және спорт басқармасымен (О.Акимов) бірлесіп ауылдық жерлерде спорттық кешендер, дене шынықтыру алаңдарын салу және оны білікті мамандармен қамтамасыз ету мақсатында меценаттар тартсын;

Мәдениет, архивтер және құжаттама басқармасы (М.Әбуова):

- Білім (М.Мелдебекова), кәсіпкерлік және туризм (Б.Намаев) басқармаларымен бірлесіп, мектеп туризміне дамыту, сабақтан тыс бос уақытын тиімді өткізу мақсатында өңірміздің тарихи-мәдени ескерткіштерімен, қоршаған ортамен танысу үшін «Өз жеріңді танып біл!» туристік экспедициясы жобасын жүзеге асырсын;

- Тарихи-мәдени ескерткіштерге археологиялық зерттеу жұмыстарын жалғастырсын;

- Жастардың рухани-мәдени деңгейін көтеру, оларды театрға, музейлерге, клуб ұйымдарына тарту мақсатында уақыт талабына сай креативті жұмыс түрлерін кеңейту, Сыр бойындағы зор әлеуетке ие дострурлі өнер түрлерін одан әрі жетілдіру түсіп, әлемдік кеңістікке шығару және таланттарымыздың рухани бәсекелестігін өркендету үшін олардың шетелдердегі туралы фестивалдар мен байқауларға қатысуына қолдау көрсетсін;

- Дострурлі ұлттық өнерімізді ұлықтап, мәңгілік мұра етіп қалдыру және мәдениет пен өнер саласына қосиби маман даярлау мақсатында Қазақ дострурлі өнер академиясын ашу бағытында кешенді жұмыстарды жалғастырсын.

Өздеріңіз білесіздер, Елбасының Жолдауда жастар мен отбасы институтын кешенді қолдау мемлекеттік саясатын басымдығына айналдыру тиіс деп атап өтті.

Ол үшін жастардың барлық санатын қолдауға арналған шараларды толық қамтитын әлеуметтік сатының ауқымды платформасын қалыптастыруды тапсырды.

Ал, келер жылды «Жастар жылы» деп жариялау – облыс тұрғындарының 25 пайызын (190 мың) құрайтын Сыр жастары үшін де үлкен қуаныш. «Жастар жылы» жоғары деңгейде атап өтуде бізде тәжірибе де, барлық мүмкіндік те бар.

Бұған дейін де Біз жастар саясатында бірқатар оң нәтижелерге қол жеткіздік. Соңғы 5 жылда мемлекеттік жастар саясатын жүзеге асыруға бағытталған әлеуметтік жобаларды қаржыландыру көлемі 71 млн-ға дейін арттырдық.

Республикада алғашқылардың бірі болып «Қызылорда облысының мемлекеттік жастар саясатын дамытудың 2021 жылға дейінгі Жол Картасын» бекіттік. Қазір бұл жоба Үкіметпен енгізілген НЕЕТ санатындағы жастармен жұмыс жасауға арналған Картаға бейімделіп, дамытылуда.

Статистикалық мәліметтерге сәйкес аймақтағы 15-28 жас аралығындағы НЕЕТ санатындағы жастардың үлесі 8,3% құрайды (2014 жылдың осы кезеңінде 12,0% құраған).

Бұл көрсеткіш екінші тоқсан (9,3%) қорытындысымен 1 пайызға төмендегенімен, әлі де болса оны барынша төмендетудің нақты шараларын қабылдауды қажет етеді (республикалық көрсеткіш – 7,7%).

Облыс бойынша 16-28 жас аралығындағы жастардың жұмыс күші 110,3 мың адамды құраса, соның ішінде жұмыспен қамтылған жастар – 105,6 мың адам. Жұмыссыз жастар саны – 4,7 мың адамды құрады.

Жастар арасындағы (15-28 жас) жұмыссыздық деңгейі – 4,3%. Осыған сәйкес, жыл сайын еңбек нарығындағы сұраныстар мен қажеттіліктерді анықтауға мүмкіндік беретін еңбек ресурстарының балансы жаңартылады. Нәтижесінде жыл сайын еңбек нарығына жоғары және арнаулы оқу орнындағынан 9 мыңнан аса түлек (2018 жыл бойынша ЖОО – 5047, орта арнаулы оқу орындары – 4769) дайындалса, есесіне мектептерден 5 мыңнан аса оқушы бітіреді (барлығы 14 мыңнан аса адам). Сондықтан, бұл бағытта да шұғыл шаралар қабылдау аймақтағы жастар саясатында негізгі басымдық беретін басты ұстанымдардың бірі болуы тиіс.

Біз 2014 жылдан бастап мектеп түлектерін мақсатты түрде үздік отандық және ресейлік жоғары оқу орындары мен колледждерге жіберіп келеміз.

Үстіміздегі жылы алғашқы 74 жас маман Ресейдің маңдайында инженерлік оқу орнындағы дипломдарын алып, елге оралды, қызметтерін бастады.

Жыл сайын 100 дарынды әрі талапты ауыл балалары, оның ішінде, аз қамтылған және көпбалалы отбасынан шыққан жастарды еліміздің белді жоғары оқу орнына облыс әкімінің грантымен оқуға жолдауымыз. Быылғы жылы оқу грантының санын 100-ден 200-ге дейін немесе 2 есеге ұлғайттық. Осылайша, бүгінгі таңда грант игерлерінің саны 878 адамға жетті.

Облыстық жастар ресурстық орталығымен қатар, қала, аудандарда да орталықтар құра отырып, жастармен жұмыс жасаудың жаңа моделіне көштік (Ұлыбритания тәжірибесінде).

Облыс жастарына бір терезе қағидаты бойынша қызмет көрсету мақсатында мемлекеттік-жекешелік әріптестік тетіктерін пайдалана отырып, жаңадан бой көтерген Сырдыра өзенінің сол жағалауында Жастарға қызмет көрсету орталығының құрылысын бастадық (1,4 млрд теңге), келер «Жастар жылы» аясында оны пайдалануға беретін боламыз.

«Жастар жылына» байланысты алдағы жылы бүкіл түркі еліне ортақ тұлға – Қорқыт бабамыздың мәңгілік мекені тапқан аймағы Қармақшы ауданындағы Қорқыт ата мемориалдық кешенінде «Түркі халықтары жастарының Фестивалін» өткізу, Қызылорда облысы туризмін республиканың белсенді жастарына насихаттау мақсатында «Жас Отан» Жастар қанатының «Жастар – Отанға!» республикалық лагерін Қамбаш көлі басында өткізу, Елбасы Жолдауында атаған ауылды әлеуметтендіруге ауылға жас мамандарды тарту мақсатында екі мәрте Социалистік Еңбек ері Ы.Жақаев мекені ретінде Қызылорда облысында «Жастар – Ауылға!» ұранымен республикалық ауыл жастары слетін ұйымдастыру ұсынылуда.

Осыған сәйкес, облыс әкімінің орынбасары Руслан Рүстемұлы Рүстемов, жастар саясаты мәселелері басқармасына (Қ.Жанұзақов), облыстық басқармалар, Қызылорда қаласы және аудан әкімдіктерімен бірлесіп, 1 ай мерзім ішінде облыста «Жастар жылы» атап өтудің кешенді жоспарын әзірлеп, бекітуге енгізілді;

- «Жастар жылы» аясында жаңа бағытта откізілетін шаралар мен жобалардың бюджеттік өтімдерін әзірлеп, экономика және бюджеттік жоспарлау басқармасына ұсынылуды;

- сәйкесінше, экономика және бюджеттік жоспарлау басқармасына (м.а. Н.Қордабай) ұсынылған бюджеттік өтімдерді қолдау шараларын қабылдауды тапсырамын;

- кәсіпкерлік және туризм (Б.Намаев), жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар (Т.Дүйсебаев) басқармалары жастар кәсіпкерлігін дамыту арқылы жұмыссыз жастардың жұмыспен қамтылуына ықпал етіп, өз кәсіптерін аштына, қосиби кәсіп бағдарлануын қамтитын шаралар қабылдасын;

- аудан әкімдері жергілікті жерде жастар мәселелерін қолдаудың белсенді шараларын қабылдасын!

Құрметті жынға қатысушылар! Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев айтқандай, Тәуелсіз Еліміз үшін «ен басты құндылық – тұтастық»

Қазақ елі теңізде бар тектіліктің, қанында бар қасиеттің, ұрпақтан-ұрпаққа жалғасар ұлттық идеологияның алтын тамырына сизат түсірмей, алам алдындағы абыройын сақтап отыр.

Олай болса, біз «бір жеңден қол, бір жағадан бас шығара» отырып, «жұмылған жұдырықтай» қалпымызбен Елбасының алға қойған міндеттерін біріктеп жүзеге асыруға тиіспіз.

Ынтымағы жарасқан елдің ырсы-берекесі де мол болмақ. Осы жолдағы баршамыздың еңбегіміз нәтижелі, халқымыздың несібіміз көп болсын!

Алда талай биік белестерді ауыз-біршілікпен бағындыра берейік!

Еліміз еңселі, Елбасымыз аман, Тәуелсіздігіміз мәңгі болсын!

Рахмет!

Облыс басшысының баяндамасынан кейін түрлі сала мамандары Елбасы Жолдауында көтерілген мәселелерге орай пікір білдіріп, бастамадарға үні қосты. Берілген тапсырмалардың орындалуына, межеленген міндеттердің іске асуына үлес қосуға әзірліктерін білдірді.



М.Отеев, «Сыр маржаны» ЖШС директоры: – Елбасы билығы Жолдауында заманауи технология мен озық тәжірибелерді қолдана отырып, ауыл шаруашылығы саласында еңбек өнімділігін, экспорт көлемін арттыру туралы мәселе көтерілді. Бұл міндетті орындауға қомақты қаржы бөлу жөнінде Үкіметке тапсырма берді.

Қазір біз күріш егуді, одан жоғары өнім алуды ментердік. Дегенмен, соңғы жылдары егістікті әртарапандырып, күріштен басқа дақылдардың көлемін арттыруға ден қойдық. Бұл бізге алатын өнімнің түсімін көбейтіп, мал азығын әзірлеуге мүмкіндік беріп отыр. Мал басы көбейіп, бордақылау алаңдары салынууда. Енді Жолдауда айтылғандай мал өнімдерін өңдеп, шетелдерге сату үшін заманауи ет комбинатын салу жоспарланған. Құрылыс басталды. Алдағы жылы комбинат іске қосылады.

Елбасы кәсіпті өркендетуде шетелдік озық тәжірибелер мен технологияларды пайдалану туралы айтып келеді. Жақында Жапон елінде болғанымда өнім сапасы жоғары, ол терең өңделіп, тұтынушыға ұсынылатынын байқадым. Ендігі жоспарым – келесі жылы жапондық технология бойынша күрішті ерте көктемде жылыжайда егіп, арнайы техникамен көшеттеп отырғызу. Бұл тәжірибе Қазалы ауданында күріштің өсу кезеңін қысқартуға, суды үнемдеуге және егінді шығынсыз жинап алуға мүмкіндік береді.

Елбасы Жолдауындағы бастамалар шаруаларды ерекше ынталандырып, жаңа жетістіктерге жетелеп отыр.



А.Махамбетов, облыстық кәсіпкерлер палатасы жанындағы өңірлік кәсіпкерлер кеңесінің төрағасы: – Е

ҰСТАЗ МӘРТЕБЕСІ - ҰЛЫ МҰРАТ

Орта білім беру жүйесінде атқарылатын негізгі бағыттар бұған дейін анықталғанын, алдағы уақытта оны жүзеге асыруға бар күшті жұмылдыру қажет екенін айта келе, мектепті реформалаудың қорытындылау кезеңі ретінде Назарбаев зияткерлік мектептеріндегі білім беру жүйесі мен оқыту әдістемелерінің жалпы мектептер үшін бірігей стандартқа айналуы тиіс екендігіне ерекше назар аударды.

Назарбаев зияткерлік мектептерінің білім беру тәжірибесін облыс мектептеріне тарату мақсатында 2015 жылы аймақ басшысы мен «НЗМ» дербес білім беру ұйымы тарапынан арасында меморандумға қол қойылып, нақты іс-шаралар жоспары жасалды. Нәтижесінде бүгінгі күні жаратылыстану - математикалық бағыттағы пәндерді тереңдетіп оқыту, жоғары сыныптарда оны ағылшын тілінде оқытатын, соған сәйкес материалдық-техникалық базасы жетілдірілген 46 инновациялық мектеп-лицей қалыптастырылды, әрбір басқа білім беру ұйымдары магниттік мектеп ретінде инновациялық мектептерге тіркелді. Бүгінгі күні бұл тәжірибе оң нәтижесін беріп келеді.

Жолдауда балалар өмірінің қауіпсіздігін қамтамасыз етудің 1-беті

маңыздылығына мән беріліп, мектеп психологтарының жұмысын күшейтіп, басқа да шараларды жүргізудің қажеттілігі тапсырылды. Осы тұста айта кету керек, ЮНИСЕФ балалар қоры ұсынған «Көсеметке толмағандар арасында суицидтің алдын алу» халықаралық жобасы республикада алғашқы болып 2015 жылы бұл облыста енгізіліп, оң нәтиже көрсеткен бұл тәжірибе еліміздің басқа да аймақтарына үлгі ретінде таратылып келеді. Қоғам үшін бүгінгі көкейтесті мәселенің бірі – балаларға қарсы жасалып жатқан қылмыстық әрекеттерге тосқауыл қою, олардың толық қауіпсіздігін қамтамасыз ету.

Елбасы әлеуметтік бес бастаманың әрі қарай жалғастырынып айта келіп, жас ұрпақтың патриоттық ұстанымын қалыптастыратын «Ауыл – ел бесігі», «Сарбаз», «Өз жеріңді танып біл!» атты жаңа жобаларды ұсынды. Келесі жылдың «Жастар жылы» болып жариялануының өзі де жастар үшін өте жағымды жаңалық, себебі, жыл аясында көптеген қордаланған мәселелердің шешілері сөзсіз.

Ал Жолдауда барлық ұстаз қауымы үшін ең маңызды жаңалық – «Педагог мәртебесі туралы» Заң қабылдау қажеттілігі жиі айтылғаны болды. Ұстаз белгісі мен оның мәртебесі қай заманда да,

қандай халық, қандай ұлт болмасын, жоғары болған. Ежелгі грек философы Сократтың «Ұстаздың мәртебесі ойлана қарасаң, биіктей береді, үніле қарасаң, тереңдей береді, қол созсаң қарсы, алдында, айналсаң, артыңда тұрғандай» деген сөзі, ұлы ағартушы Ыбырай Алтынсариннің «Ең жақсы мұғалімді дүниедегінің бәрінен қымбат бағалаймын. Мектептер үшін мұғалім бар нәрсенің кіндігі, мектептің жаны, жүрегі...», ал, Мағжан Жұмабаевтың «Алты алаштың баласы бас қосқан жерде, төрдегі орын мұғалімдікі» деген қағидадары ұстаз мәртебесін ерекше айықтап тұрғандай.

Міне, осынау ұстаз бойындағы ұлы құндылықтарды, мұғалім деген құрметті кейінгі уақытта төмендетіп алғанымыз да шындық. Қоғамдағы осы олқылықты пайымдаған Елбасы өзінің мақалаларында, Жолдауларында мұғалім мәртебесін көтеруге ерекше мән беріп келді. Рухани жаңғырудың да бір негізі осында жатыр. «Келешекте мұғалім мамандығы ең мәртебелі және жоғары ақы төленетін мамандықтардың біріне айналады», – деген Н.Ә.Назарбаевтың сөзі де осы ойдың бәрін түйіндеп тұрғандай.

Ұстаздар қауымын нақты қолдау – олардың тек лауазымдық жаалақсын арттырумен ғана өлшенбейді, оқы-

тушы мамандығының абырой-белілігі көтеруге, өзін-өзі жетілдіруге, жаңашылдыққа ұмтылуға ықпал етеді. Сонымен қатар қоғамда мұғалімнің мәртебесі жоғары болса, ол мамандыққа деген болашақ жастардың қызығушылығы, ынтығасы мен ұмтылысы зор болары сөзсіз. Егер, мектепті үздік бітірген түлектеріміз осындай мәртебелі мұғалімді мамандыққа қаласа, олардан қоғамның болашағын тәрбиелейтін жақсы ұстаз шығары да анық.

Елбасы Жолдауларының талаптарына сай заманауи және сапалы еңбек етіп келе жатқан М.Мәметова атындағы Қызылорда педагогикалық жоғары колледжінің ұжымы үшін жаңа Жолдау олардың алға қойған мақсаттарына жету жолындағы серпін болары анық.

Ия, адамдар береке мен бірлік салтанат құрған жерде, өмір сүруге жайлы орта қалыптасқанда ғана алаңсыз білім алып, қызмет жасайды, ертеніне үлкен сеніммен қарайды. Елбасының жаңа Жолдауы осы сенімді орнықтырып, жаңа мұраттарға жетелейді.

Бақытжан САЙЛЫБАЕВ,
М.Мәметова атындағы педагогикалық жоғары колледж директоры,
п.ғ.д., профессор.



SERGEK

ЭЛИЗАБЕТ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ТУРНИРДЕ ЕКІНШІ ОРЫН АЛДЫ

Жерлесіміз мәнерлеп сырғанаушы Элизабет Тұрсынбаева Финляндияның Эспоо қаласында өткен «Finlandia Trophy Espoo» халықаралық турнирінде екінші орын алды.



Екі бағдарламаны да сәтті орындап шыққан ол жарыс жеңімпазы атанған ресейлік спортшы Элизавета Токтамышевадан бар болғаны 2,11 ұпайға ғана қалып қойды. Қысқа бағдарламада 70,95 ұпайға қол жеткізіп, жеке рекордын жаңартса, еркін бағдарламада 129,79 ұпай еншілеп, күміс медальға қол жеткізді.

Элизабет «Finlandia Trophy» халықаралық турнирінде жүлде алған тұңғыш қазақстандық болып отыр. Айта кету керек, қызылордалық талантты спортшы қыркүйек айында Словакия елінің астанасы Братиславада өткен «Ondrej Nepela Trophy» Чедленджер сериясындағы жарыста да екінші орын алған болатын.

Dziúdo

ШЫҢДАҒАН ДОДА

Қызылорда қаласындағы «Евразия» спорт кешенінде қоғам қайраткері, Қармақшы ауданының құрметті азаматы Болатбек Сүлейменовті еске алуға арналған дзюдодан жастар арасында XVII халықаралық турнир өтті.

Дүйсеңбек АЯШҰЛЫ.

Дүбірлі дода тұғырлы тұлғаны еске ала отырып, Елбасы Жолдауынан туындайтын бұқаралық спортты дамыту, салауатты өмір салтын арттыру, спортшылардың кәсіби шеберлігін шыңдау мақсатында ұйымдастырылды.

Болатбек Сүлейменовті 1938 жылы Қармақшы ауданы Көктобе ауылында дүниеге келген. Қазақ Мемлекеттік ауыл шаруашылығы институтын, Жоғары партия мектебін бітірген.

Еңбек жолын туған ауылының шаруашылықтарынан бастап, комсомол комитетінде, партия органдарында жауапты қызметтер атқарған.

1972-1980 жылдары аудандық ауыл шаруашылығы басқармасының бастығы, 1980-1988 жылдары Қармақшы аудандық партия комитетінің 2-хатшысы болды.

«Еңбек Қызыл Ту», «Құрмет белгісі» ордендерімен, Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесінің Құрмет грамотасымен, көптеген медальдармен марапатталған.

Туған жерінің дара қасиеттерін бойына дарытқан тұлға 2000 жылы өмірден өтті.

Бұл жарысқа еліміздің 11 облысынан және Өзбекстан, Қырғызстан елдерінен 200-ден астам спортшы келді, олардың 68-і өз жерлеріміз.

Турнирдің ашылу салтанатына облыстық мәсінхат хатшысы Наурызбай Байқадамов, облыстық дене шынықтыру және спорт басқармасының басшысы Олжас Әкімов, Қазақстан дзюдо федерациясының вице-президенті, Олимпиада ойындарының күміс жүлдегері Асхат Жеткеев, ҚР Жоғарғы сот төрағасының сенімді өкілі, «Тіл» журналының бас редакторы Нұрғұл Қарағойшина қатысып, жас палуандарға сәттілік тіледі.

Спорт мерекесінде дзюдо спортының дамуына қосқан елеулі үлесі үшін Болатбек Сүлейменовтің ұлы Сағатбек Сүлеймен Қазақстан дзюдо



федерациясының алғаш хатымен марапатталды.

Осы жарыстан шыңдалып шыққан жасөспірімдер арасындағы олимпиада ойындарының чемпионы Бауыржан Жауынғаев, Әлем чемпионы Мағжан Шамнадин, Азия чемпионы Жақсыбек Жәнісбек, Ақерке Кенжебек, Дидар Хамза, Марат Жанқожа, Алия Сайын, Рауан Бегалы бүгінде аты танымал спортшыларға айналды.

Ал, бұл турнирде – Нұрай Дүбөкір, Аида Файзулла, Арайлым Ханзада, Мәліка Алпысбай секілді басқа да жас жерлестеріміз өз салмақтары бойынша жарыстың бірінші тұғырына көтеріліп, мойындарына алтын медаль тақты. Жалпы, дзюдодо қызылордалық қыздардың жетістіктері атап айтуға тұрарлық.

Биыл 18-ші мәрте өткізілген дүбірлі бәсеке жастарды достыққа, патриоттық сезімге тәрбиелеудің лайықты құралы бола білгені тағы бір дәлелдеді. Турнир қонағы болып келген елімізге белгілі Мырзағали Айтжанов, Бағбан Тәйіметов секілді тұлғалар да осындай пікірлерін айтып, ризашылықтарын білдірді.

Жалаулы жарысқа қызылордалық Ришат Бурлов бас төрешілік етті.

Järmeńke

АСТАНАЛЫҚТАРҒА 380 ТОННА ӨНІМ

6-7 қазан күндері Астана қаласында Қызылорда облысының ауыл шаруашылығы жәрмеңкесі өтті, – деп хабарлайды облыс әкімінің баспасөз қызметі.

Сыр елінен барған тауар өндірушілер елорда тұрғындары мен қонақтарына барлығы 380 тонна өнім түрлерін ұсынды. Оның 120 тоннасы бақша дақылдары, 90 тоннасы күріш, 15 тоннасы балық және осыныша салмақта ет, 6 тоннасы сүт өнімдері, сондай-ақ, жеміс-жидек пен тұз жәрмеңке сөрелерінен орын алды.

«Қазақстан» спорт кешені аумағында ұйымдастырылған екі күндік жәрмеңкеде облыстық филармония әртістері де концерттік бағдарлама ұсынды.

Айта кетейік, соңғы 5 жылда облыстың жалпы ішкі өніміндегі ауыл шаруашылығының үлесі 2,5%-

– 22,8, азық-түлік өндірісі – 5,3, ет өндірісі – 2,7, сүт – 2,4, жұмыртқа өндіру 396 есеге өсіп отыр.

Сондай-ақ, 2018-2022 жылдарға арналған аймақтың Агроқаржасы әзірленіп, ондағы іс-шаралар жоспары бойынша жалпы сомасы 7,0 млрд теңге болатын 10 инвестициялық жобаны іске асыру қолға алынды.

Облыста өсімдік шаруашылығы өнімдерін әртараптандыру қарқынды жүзеге асырылуда. Соңғы 5 жылда жем-шөп және майлы дақылдар 18 мың гектарға (2014 жылмен салыстырғанда) артты. 2017 жылы облыстың күрішшілері 500 мың тонна рекордтық өнім жинады.



тен 3,7%-ке дейін, ауыл шаруашылығының негізгі капиталына салынған инвестициялар көлемі

Өндірістік негізде картоп, көкөніс және бақша дақылдары өндірілді. Биыл Қызылордада испан техноло-

катысуымен тағы 20 жылғыдай салу және қызанақ өндіретін ірі жобалардың бірін жүзеге асыру жоспарланып отыр. Қазіргі уақытта түрік сорттарына сынақ жүргізілуде.

Осы жылдың соңында сүт өнімдерін өндіру үшін 1200 бас асыл-тұқымды малға арналған сүт фермасын іске қосу жоспарланып отыр. Сонымен қатар, өткен жылы Шіелі ауданында бірінші құс фабрикасы өз жұмысын бастаса, Қызылорда қаласында да 2 құс фабрикасы пайдалануға берілді. Биыл Қармақшы ауданында «Байқоңыр» ӘКК-мен бірге жылына қуаттылығы 1500 тонна өнім шығара алатын күс еті зауытының құрылысы басталды. Жыл соңына қарай «Сыр Маржаны» ет өңдеу зауытының құрылысы жүргізілетін болады.

Биыл ауыл шаруашылығы өнімдерінің экспорты 37 пайызға, оның ішінде күріш экспорты 39 пайызға артса, бақша дақылдары – 3,5 есеге, көкөніс экспорты 2 есеге өскен. Қысқасы, облыста ауыл шаруашылығының дамуы жаңа сипатқа ие болып отыр.

«СБ» ақпарат.

ХАБАРЛАНДЫРУ

Сырдария ауданының әкімдігі Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2015 жылғы 19 наурыздағы №18-04/245 бұйрығымен бекітілген «Аңшылық алқаттар мен балық шаруашылығы су айдындары және (немесе) учаскелерін бекітіп беру жөнінде конкурс өткізу» Қағидаларына сәйкес резервте тұрған балық шаруашылығы маңызы бар су айдындарын бекітіп беруге конкурс жариялайды.

Конкурстың өткізілетін уақыты мен орны: конкурс 2018 жылдың 29 қазан күні сағат 10.00-де өткізіледі.

Өтетін орны: Теренөзек кенті, Д.Қонаев көшесі №9 Б, «Сырдария аудандық ауыл шаруашылығы бөлімі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі, байланыс телефондары: 8(72436) 21-1-37, 21-1-30.

Конкурсқа қойылатын балық шаруашылығы су айдындары және (немесе) учаскелерінің тізбесі

№	Су айдындарының атауы	Ауданы (га)	Бекітіп беру мерзімі	Балық шаруашылығын жүргізу мақсаты	Жыл сайынғы балықтандыру көлемі (дана)
1	Карамола (Балжансай)	18	он жыл	Тауарлы көл шаруашылығы	3150 дана
2	Мақпалкөл Қожан-қожа	40	он жыл	Тауарлы көл шаруашылығы	7000 дана
3	Ирқол (Құмкөл-3)	30	он жыл	Тауарлы көл шаруашылығы	5250 дана
4	Балапанды	30	он жыл	Көсіптік балық аулау	5250 дана

Конкурстық құжаттар топтамасын Теренөзек кенті Д.Қонаев көшесі №9 Б, «Сырдария аудандық ауыл шаруашылығы бөлімі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінен алуға болады. Сонымен қатар, конкурстың тәртібі Қызылорда облысының табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасының ғаламтор-ресурсында (www.tabiगत-k-kyzylorda.gov.kz) жарияланады.

Конкурстық өтінімдерді қабылдау мерзімі - 2018 жыл 26 қазан, сағат 19.00-ге дейін.

Өтінім тігелген күйінде, нөмірленген беттерімен беріледі және соңғы беті қол қою арқылы және мөрмен куәландырылады (бар болғанда).

Жеке немесе заңды тұлғалар әрбір мәлімделетін балық шаруашылығы су айдынына және (немесе) учаскесіне жеке конкурстық өтінім дайындап, оны хабарландыруда көрсетілген мекен-жай бойынша ұсынады.

Конкурстық құжаттар қатысушының толық атауы мен мекен-жайы, конкурсты ұйымдастырушының мекен-жайы және «Балық шаруашылығы су айдындары және (немесе) учаскелерін бекітіп беру жөніндегі конкурс» деген сөздер көрсетілген мөр басылған конвертке ұсынады.

Конкурстық өтінім тіркелген сәттен бастап өтінім берген тұлға конкурсқа қатысушы болады.

Конкурстық комиссия.

ХАБАРЛАНДЫРУ

«Мелиоратор» ЖШС-на шұғыл түрде бульдозер Б-10, Т170, экскаватор ЭО4111, ЭО4112А1 техникаларын жүргізетін жүргізуші механизматорлар қажет.

Байланыс тел.:
8 777 004 17 92, 8 (7242) 21 50 77. Түй-імдемелі meliortorkz@mail.ru эл.почтаға жіберуге болады.
Мекен-жайы:
Тасбоғет кенті, М.Шоқай көшесі №18.

Бас редактордың орынбасары – 70-00-43
Жауапты хатшы – 70-00-81

Бөлімдер:
руханият және ақпарат – 70-00-64, 70-00-41
экономика – 70-00-41, 70-00-68
әлеумет және саясат – 70-00-73
жарнама – 70-00-49, 70-00-52
есеп-қисап – 70-00-39, 70-00-38,
компьютер орталығы және корректорлар – 70-00-34

Газет аптасына 3 рет (сейсенбі, бейсенбі, сенбі күндері) шығады.

Газет Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігі Ақпарат және мұрағат комитетінде тіркелген. Тіркеу куәлігі № 12993-Г, 27.08.2012 ж.

Қызылорда облыстық «Сыр бойы» газеті ҚР СТ ИСО 9001-2009 «Сапа менеджменті жүйесі» талаптарына сәйкес сертифицирталған. Авторларға қаламақы тапсырыс бойынша төленеді, қолжазба өңделеді және қайтарылмайды. Жариялымдар газеттің түпкілікті көзқарасын білдірмейді. «АК» - ақылы қызмет. Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.

Газет редакцияның компьютер орталығында қатталып, «Сыр медиа» ЖШС өз баспаханасында басылды. Тел.: 8/7242/ 40-06-68. Газеттің таралымы бойынша 8/7242/ 70-14-08 телефон нөміріне хабарласуға болады.

Таралымы 28681
Тапсырыс №1603

Меншік иесі



жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

БАС ДИРЕКТОР
Аманжол ОҢҒАРБАЕВ
қабылдау бөлмесі
тел/факс: 8/7242/ 70-00-36

БАС РЕДАКТОР
Қуат ШАРАБИДИНОВ
қабылдау бөлмесі –
тел: 8/7242/ 40-02-17